Ұлы Жеңіске 80 жыл

# ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛҒАН ЕФРЕЙТОРДЫҢ ЕРЛІГІ

Дүниені дүр сілкіндірген XX ғасырда адамзат тарихында 2-ші дүниежүзілік соғысы деп аталған алапат қырғын қазақ елін де жайпап өтті. Аудан орталығының батыс жағында Жидебай батыр кесенесінің маңында орналасқан бұрынғы Орджоникидзе атындағы колхоздан, қазіргі алақандай Қайрақты ауылынан 23 отбасының иелері соғысқа аттанды. Олардың 11-і майдан даласында қалды.

Ұлы Жеңістің 70 жыл толуына орай және одан кейін де аудан көлеміндегі көзі тірі және өмірден өткен майдангерлердің соғыста көрсеткен жанқиярлық ерліктері туралы бірталай мақалам “Орталық Қазақстан", “Шет шұғыласы" газеттерінде жарық көргенді.

Бүгінгі әңгімемнің арқауы әкем Жұмке (Жұмажан) Исатайұлы туралы болмақ. Әкем Жұмке Қарқаралы уезіне қарайтын Қызылтау болысының №1 ауылында Нұра өзенінің бойында 1910 ит жылы дүниеге келген. Әкесі Исатай ашаршылық жылдарынан бұрынырақ ерте өмірден озған. Осы қиын-қыстау кезеңде отбасының ауыртпашылығы, өмірге әкелген 4 баланы өсіріп, тәрбиелеу Иса әжеме түседі. Әкейдің ағасы Әбжан отау құрған, бірақ ол да 30-жылдары «Шешек» аурумен ауырып, қайтыс болады. Ол заманда ауылдың жағдайы өте нашар еді. Қолдағы бар малды «голошекиншілер» тігерге тұяқ қалдырмай сыпырап алған. Алдағы ашаршылықты сезіп, әжем 3 баласы мен келінін ертіп, пана іздеп Спасскідегі Әуесбай ағайынының (қайнысы)жанына көшіп келеді. Ол кісі осы кен орнында, ағылшындардың қарамағында ұсташы болып жұмыс істеген. Әкейді өзіне балғашы етіп, еңбекке тартады. Сөйтіп, біздің отбасымыз ашаршылықтан аман қалған.

1933 жылдың аяғына қарай Иса әжеміз балаларымен елге оралады. Әкей 1933-1942 жылдары Орджоникидзе атындағы колхоздың қара жұмысына жегіліп, күн-түн демей қолынан келген жұмыстарды тиянақты атқарады. Бұл кезең қазақ ауылдарында кедей шаруаларды алғашқыда Мойын серіктерге (ТОЗ) біріктіріп, кейіннен колхоздастыру саяси жұмыстар қызу жүргізіліп жатқан.

1942 жылы әкей соғысқа аттанады. 1942-1943 жылдары соғыстың ең ауыр кезеңін Белоруссия жерінде Батыс майданда, 50 Армия да 212 атқыштар дивизиясының 369 атқыштар полкінде қан майданда жан алып, жан берісken алапат ұрыстарға қатысып, колхоздың қара жұмысында әбден шыныққан жас жігіт бар күш-қуатымен, ажалдан қорықпай, соғыстың алдыңғы шебінде жүріп, қазақ жауынгерлеріне тән патриоттық жігерімен Отанын қорғап, ерліктің талай көріністерін көрсетеді.

Сөзім дәлелді болу үшін Одақтың Қорғаныс Министерінің Орталық архивіне жүгінейін: «Приказ по 369 стрелковому полку 212 стрелковой Дивизии 50 Армии Западного фронта » 8 июля 1943 года №04/н Действующая Армия. От имени Президента Верховного Совета СССР Награждаю: Медалью «ЗА ОТВАГУ».

Наводчика орудия батарей 45 мм пушек 369 стрелкого полка ефрейтора Исатаева Жумке за то, что в боях 13-15 июля 1943 года проявил себя смелым, мужественным, под огнем противника огнем из орудия уничтожил стонковый пулемет с прислугой, два миномета и уничтожил до 35 немецких солдат. 1914 года рождения кандидат в члена ВКП (б) с 1942 года.

Міне, осындай ерлік көрсеткен ефрейторды-әкемді аудандық комиссариат «Отанын сатқан» деген айып тағып, соғысқа қатысқандардың тізіміне қоспай, оны елеусіз қалдырды. Өкінішті-ақ. Әкей Үкіметтің, жергілікті құзырлы мекемелердің тарапынан ешқандай моральдық, материалдық қамқорлықты көре алмады. Мұндай әділетсіздік одақтың барлық елдерінде орын алған.

Соғыстан келгеннен соң әкей колхоздың қат-қабат жұмыстарына белсене кірісіп кетті. Көктемде соқаға 4 өгіз жегіп егін салды,жазда парлап: өгіз, ат, түйе жегіп қоғамдық малға жем-шөп дайындады. Мен өзім 10 жасымнан бастап өгіз айдап, әкейге погонщик болдым. Қолдағы бірлі-жарым малға ол кездегі колхозшылар күз аяқталып, қыс басталған шақта ғана қолдары босап, ағарған қараған аралас көде шөпті шауып, бар-жоғы 2-3 тоннадай қысқа азық дайындайтын.Осыған да дәтке қуат деп отыратын ата-аналарымыз. Қыс аяғы ұзап, қиналса, қоғам малдарынан қалған шөптің қиқымдарын (кәшек) кезек тесіп, бригадир не ферма меңгерушісі арқылы малға талғам жасайтын.




Қазіргі уақытта қай ауылға барсаңда, әр-үйдің жанында бір-бір мая 40-50 тоннадан кем емес, шөп үйеді. Өстіп отырып солардың арасынан тұрмысымыз нашар дейтіндер де кездесіп қалады. Мен жаста болсам осы жағдайлардың маңайында болып, қопарып тастамасам да, қолымнан келген колхоздың жұмысына қолғабыс еттім. Әкей 1947-1952 жылдары колхоздың бригадирі болып, табандылығымен жұмысқа деген жауапкершілігімен жұртшылықтың ризашылығына ие болды. Осы жылдары Орджоникидзе атындағы колхозды ауданға аты әйгілі Төкенов Жұмабай әкей басқарды. Ол кісі жұмысқа өте жауапкершілікпен қарайтын білікті басшы болды. Әкейдің еңбекқорлығын жұмысқа деген қабілетіне қарап, оған көп жылдар бойы колхоздың бригадирлік жауапты жұмысты жүктегенді.

Әкейдің жұмысқа деген жауапкершілігі мен тиянақтылығын Советтік Қараганды газетінің №153, 3 тамыз 1954 жылы жарық көрген мына мақаладан білуге болады.

Рубрикасы: «Жем-шөп дайындауды егін орағына дейін аяқтау міндет»

Тақырыбы: Жұмысы өнімді пішеншілер

Құлтай қорығын бетке алған жалғыз салт атты суыт жүріп келеді. Бұл Шет ауданының Орджоникидзе атындағы колхозының мүшесі, шөп машинасының машинисі Жұмке Исатаев жолдас еді. Жалғыз жолаушының ермегі, көбінесе өзінің ойы болатыны белгілі ғой. Жұмеке алда атқарылатын істері туралы ойлап келеді. Жұмеке өз үйінде, мектепте оқып жүрген баласы Боранбайға СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысын газеттен оқытып, тыңдап отыр.

- Әбден дұрыс айтылған деп қояды Жұмекең қоғамдық малға шөптің көп дайындалуы керек. Бұл кезде Жұмекең өзіне бекітіп берілген бір участоктің шөбін шауып бітіріп, енді Егіндібұлақтан шөп шабуға кіріскелі отырған. Осының ертеңінде әкелі-балалы екі пішенші іске жігерлене кірісіп кетті.

Жұмеке, ісіңіздің жемісті бола беруіне тілектеспін. Бүгіннен бастап Құлтай қорығына ауысыңыз-деген болатын колхоз председателі Арыстанбеков Рахым. Жұмекең осыдан кейін көп кешікпей шөп машинасын жаңа орынға жедел жеткізуді Боранбайға тапсырып, өзі атпен озып кеткенді. Әкелі-балалы екі пішенші жаңа орында іске бұрынғыдан да күшті қарқынмен кірісті.

Жұмекең тәжірибелі пішенші. Ол жыл сайын атқа, өгізге жегетін шөп машинамен шөп шауып, өзінің нормасын әрдайым асыра орындап отырды. Шөп шабуға ғана емес, Исатаев жолдас жыл сайын егін жинау, мал бағу істеріне де колхоз жұмыстарына белсене қатысып, өз міндетін ұдайы абыроймен орындайды. М.Садықов.

Колхозда әкеймен бірге сол заманның ауыр жүгін көтерген көптеген аптал азаматтар Орджоникидзе колхозында тер төгіп, аянбай еңбек етті. Олар: Мәйкен, Мәкен, Тұңғышбай, Байжан, Қыбыш, Сапы, Төлеубай, Жаман, Бөлте, Төлеубек, Әбжан, Нәби, Жұмажан, Смағұл, Қасым, Әбдіқылық, Омар, Ірге-бай, Қапаш, Қалиақпар, Қалдыбай, Ережеп, Рысқұл, Түсіп, Есенбек, Рашид, Досан, Әрін т.б. аталарымыз бен әкелеріміздің елге, жерге, жұртшылыққа жасаған еңбектері ұшан-теңіз. Олар жұмыс істегенде таң қыла бергенде, төсектен тұрып, күн қас қарайғанша тыным таппайтын және өздерінен кейінгі колхоздың жастарын да еңбектің осындай ауыр бағытына тәрбиелеген. Колхоздың барша жұмысы күш-көлік, қолмен атқарылатын. Бәрі де бұл жалған фәни өмірден өтті. Олардың жатқан жерлері жарық болып, иман байлығы бұйырсын.

Бүгінгі күні осы әкелеріміздің ұрпақтары: балалары, немерелері мен шөберелері Тәуелсіздіктің ақ таңымен қоса келген тұрмыстың бақытты кезін көріп, салтанатты өмір кешуде.

«Өлі разы болмай», тірі байымайды» - дегендей, Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойы қарсаңында «Қайрақты» ауылындағы зиратты абаттандырып, осы ауылдың 23 майдангерлері мен 8 қуғын-сүргін жылдары сотталып, атылған азаматтарға арнап ескерткіш-монумент орнаттық. Жеңістің 80 жылдығына орай ауылдың азаматтары ескерткіш-монументті тазалап, ақтап, қоршауының тозған жерлерін дұрыстап, сырлап, қалыпты күйге келтірді. Алла олардың қолдарына күш-қуат берсін. Бүгінде бұл қасиетті жерде өмірден өткен әкелеріміздің ұрпақтары жан-жақтан келіп, оларға дұға бағыштап, Жаратқаннан жақсылық сұрап, елдің тыныштығы мен халықтың амандығын тілейді.

Майдангерлердің ерліктері есімізде мәңгі сақталады. Олардың ұрпақтарына бақытты өмір, бақуатты тірлік тілеймін!

**Боранбай ЖҰМКЕҰЛЫ,**
**Шет ауданының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері. ҚР Ауыл шаруашылығы саласының Құрметті ардагері.**